

### №3 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 25.02.2025ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

#### КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Ойын стретчингі – балабақшадағы сауықтыру әдісі» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісу.

Баяндамашы: тәрбиеші Ахмедова М.

2. «Дәстүрден тыс сурет салу техникасының әдістері» тақырыбындағы шебер сынып.

Өткізуші: тәрбиеші Абдуллаев З.

#### Тыңдалды:

**1-мәселе бойынша:** тәрбиеші Ахмедова М. «Ойын стретчингі – балабақшадағы сауықтыру әдісі» тақырыбында баяндама жасап, ойын арқылы орындалатын созылу жаттығуларының балалардың денсаулығын нығайтудағы маңызын атап өтті. Педагог өз тәжірибесінде қолданылатын жаттығуларды көрсетіп, олардың балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, дұрыс дене қалпын қалыптастыруға және эмоционалдық көңіл-күйін көтеруге ықпал ететінін айтты.

**2-мәселе бойынша:** тәрбиеші Абдуллаева З. «Дәстүрден тыс сурет салу техникасының әдістері» тақырыбында шебер сынып өткізді. Педагог саусақпен сурет салу, бастырма әдісі, мақта таяқшаларымен сурет салу және басқа да дәстүрден тыс тәсілдердің балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тиімділігін көрсетті. Қатысушылар тәжірибелік жұмыстарға белсенді қатысты.

**Сөйледі:** Тәрбиеші: Кенжеева У: Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгінгі педагогикалық кеңесте өз тәжірибеммен бөліскен әріптестеріме рақмет айтамын.

Балабақшадағы әрбір іс-әрекеттің басты мақсаты – баланың денсаулығын нығайтып, жан-жақты дамуына жағдай жасау. Осы бағытта ойын технологияларын тиімді қолдану өте маңызды. Ойын арқылы балалардың қызығушылығы артып, қимыл-қозғалысы дамиды, өзара қарым-қатынасы қалыптасады.

